



MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 15 (478)

17/09/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

365 қауіпсіз күн – 100% қауіпсіздікке қол жеткізу жолында

Көп жылдар бойы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтау тек заңнаманың талабы ретінде ғана қаралды, нормативтік-құқықтық талаптар да қауіпсіздік мәселелерін басқару жөніндегі жұмыстың бағыттарын айқындады. Тәртіп пен бақылау негізгі шаралар болып табылды. Бұл ретте өндірісте жарақаттану жағдайларының болмауы қол жеткізбейтін мақсат болып саналды немесе әрі кетсе, біз ұмтылатын арман сияқты қарастырылды.



мердігерлік ұйымдардың өкілдері мен қоғам алдындағы біздің адамгершілік борышымызға айналды. Бұдан басқа, біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау бойынша таңдаулы тәжірибелерді енгізу ешқандай зиян әкелмейтінін түсіндік, осыған орай, қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған жағдайда, материалдық, адами зор шығындарға және де іскерлік беделіміздің төмендеуіне алып келері анық.

Қауіпсіздік тұрғысында ең қолайлы күн – бұл ҚМГ барлық қызметкерлері өз отбасыларына жарақат алмай аман-сау оралатын күн, апат болмаған және біздің қызметіміз қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін күн. 2014 жылы біз алғаш рет осы күндердің есебін бастадық және осы айтылған оқиғаларсыз 90

күн жұмысымызды қауіпсіз жасап шықтық. 2015 жылы бұл көрсеткіш 96 күн болса, 2017 жылдың соңына қарай 30%-ға жақсарып, 125 күнге жетті. Ағымдағы жылдың статистикасы жылдың соңына қарай 200 қауіпсіз күнді болжауға мүмкіндік берді, алайда оң серпінге қарамастан, біз әлі де болса жаңа жетістіктерге қол жеткізуге ұмтыламыз. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз 365 қауіпсіз күнге жақындаған сайын әрбір келесі күнге қол жеткізу үшін күш-жігерімізді көбірек жұмсайтынымызды түсінуіміз керек.

Сол себепті біз «100% қауіпсіздік» бағдарламасын іске қосамыз. Егер бұрын жазатайым оқиғалар мен апаттардың толықтай болмауы біздің пайымымыз болса, ал енді – бұл нәтижені күту болып табылады. Бұл біздің өзіміздің және мердігердің қызметкерлеріне тиісті құқықтарын бере отырып, егер де қауіпсіздік техника қағидалары орындалмау, бұзу немесе «100% қауіпсіздік» қағидатынан ауытқушылық орын тапқан кездерде, олар өз пікірін ашық айта алатынын, жұмыс барысына араласа отырып, қойылған талаптарға сәйкестендіруді қамтамасыз ететінін күтеміз.

Қауіпсіздік ережелерін 100% сақтау деген ұстаным ҚМГ компаниясының негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Бұл жай ғана ұран емес!

Мен және ҚМГ басшылығының бәрі «100% қауіпсіздік» қағидатын бұлжытпай орындаймыз. Компанияның барлық тобы бойынша осы жолдаудың таратылуын және дұрыс түсінуін қамтамасыз етуді сұраймын.

Сауат МЫҢБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы

Бүгінгі сандар:



«Инвесторлар тиімді шешім қабылдайды деп үміттенеміз»



Қос мерекеге тарту

Мұнай – ел ырысы

Қос өзен арасының қазынасын игерген

Еділ мен Жайық – қос өзен аралығындағы өңірден мұнай іздеу бағытындағы барлау жұмыстары 1957 жылдан бастау алды. Сол кезде «бұл жұмыстан нәтиже шыға қоймас» деген сенімсіздіктің де болғаны рас.

Алайда, 1962 жылы Мартыши кен алаңының «қара алтын» қабаттарына жүргізілген өндірістік сынақ жұмыстары кезінде №1 ұңғымадан мұнай бұрқағы атқылап, тәулігіне 117 текше метр таза мұнай берген. Осылайша, қос өзен аралығындағы өңірдегі экспедиция жұмысы нәтижелі аяқталады. Бұрғылау жұмыстары қыза түсіп, 1963-1967 жылдары аралығында Мартыши кен орнынан мол мұнай қоры анықталып, оның технологиялық құрамдары жасақталады. 1968 жылдың қаңтар айында №N° 11, 17, 27, 28, 30 ұңғымаларды іске

қосу арқылы Мартыши кен орны тұрақты өндірістік пайдалануға берілді. Сол жылдың 16 қаңтарында қазандарға 800 тонна көлемінде алғашқы мұнай жиналып, келесі күні эстакадаға бірінші эшелон құйылды. Сөйтіп, бір жылдың ішінде кен алаңынан 1 343 000 тонна мұнай өндіріліп, мемлекетке тапсырылған.

Осылайша, 1968 жылы қос өзен аралығында экономикалық жаңа сапалы мұнай өнеркәсібі дүниеге келді. Ал, 1973 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды. 2000 жылы

С.БАЛҒЫМБАЕВ
КЕН ОРНЫНА



ҚР Үкіметінің қаулысымен Мартыши кен алаңына елімізге еңбегі сіңген геолог-мұнайшы Салтанат Балғымбаевтың есімі берілді. Бүгінде қос өзен аралығындағы қазыналы аймақтан алғаш мұнай өндіріліп, елдің игілігіне жаратылып, ырысына айналғанына да 50 жыл толып отыр. Осынау жарты ғасырда мұнда мұнайшылардың бірнеше буыны қалыптасып, талай жасампаз істер тындырылды.

4-бетте >>



Тартысқа толы тәуліктердің тарландары



Құрманғазы Есқазиев:

Инвесторлар тиімді шешім қабылдайды деп үміттенеміз

Сарапшылар қауымдастығы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларының ұстаушыларына қайта сатып алу туралы ұсынысты қабылдауға кеңес берді. Олардың пайымдауына, бір акцияның құны әділ бағаланған. Ал акционерлер құнды қағаздарын сатуға дайын ба? Бұл туралы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев айтып берді.

– Құрманғазы Орынғазыұлы, өзіңіз акционерлермен кездестіңіз бе? Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу туралы жаңалықты олар қалай қабылдады?

– 2017 жылдың желтоқсанында жай акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды (ЖДҚ) сатып алу туралы шешім қабылданды. Бірақ компания алдағы уақытта артықшылықты акцияларды да қайта сатып алу мүмкіндігін де жоққа шығармады. Сол себепті бұл акционерлер үшін де, жалпы Қазақстанның инвестициялық қауымдастығы үшін де күтпеген жаңалық болды деп ойламаймыз.

Жуырда біз Атырауда «Ембімұнайгаз» АҚ кеңсесінде және Жаңаөзенде «Өзенмұнайгаз» АҚ-да артықшылықты акциялардың ұстаушыларымен кездесулер өткіздік. Акционерлер көп жиналды. Олар біраз сұрақ қойды, біз барынша нақты жауап беруге тырыстық. Акционерлердің барлық тілек-ұсыныстарын тыңдадық. Акционерлердің басым бөлігі біздің бұрынғы немесе қазір жұмыс жасап жатқан қызметкерлер екендігі баршаға белгілі. Меніңше, кездесулер нәтижелі болды. Конструктивті диалог түрінде өтті.

Бір өкініштісі, жекелеген бұқаралық ақпарат құралдарында ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы жөнінде түрлі жарияланымдар шығып, акционерлер арасында түсініспеушілік тудырды. Барлық шешімдер қатаң түрде заңнамалық нормалар аясында қабылданатынын баса айтқым келеді.

Инвесторлар осы жағдайда олардың ешбір құқығының шектелмегендігін түсініп, дұрыс шешім қабылдайды деп үміттенеміз.

– Сіз айтып отырған бұқаралық ақпарат құралдары компания жаһандық депозитарлық қолхат, жай акция және артықшылықты акцияға ұсынған бағаларды салыстырған болатын.

– Жай және артықшылықты акциялар – бұл түрлі санаттағы акциялар. Олардың құқықтары мен шарттары екі бөлек. Әдетте, олардың баға диапазоны да бірдей емес. Бағаны қалыптасқан өтімділік пен тәуекел деңгейі негізінде нарық өзі белгілейді. Артықшылықты акциялардың компанияның жарғысында көзделген белгілі бір кірісі бар. Бұл жағдай да нарық бағасына әсер етеді.

Акцияның баланс құны таза бухгалтерлік шама екендігін атап өткен жөн. Бағалы қағаздың нақты құны – бұл оның биржадағы нарық бағасы. Ол баланс құнынан жоғары да, төмен де болуы мүмкін. Егер биржада акцияның бағасы 10 292 теңгені (сатып алуды жариялағанға дейінгі соңғы 30 күн ішіндегі орташа баға) құрайтын болса, демек бұл барлық инвесторлардың оның құнын нақты бағалауы. Бұған дейін артықшылықты акциялар сатылымға бұл сомадан қымбат та, арзан да шығарылғанын баса айтқым келеді. Бұл көптеген факторларға, соның ішінде нарық конъюктурасы мен мұнай бағасына байланысты. Тиісінше, мұнай бағасы жоғары болған кезде ҚМГ БӨ-нің артықшылықты және жай акциялары анағұрлым жоғары бағамен сатылды. Нарықтағы бағаның белгіленуі бұл акционер тиісті құралға инвестиция салған кезінде өзіне қабылдайтын тәуекел болып табылады. Ал компания қазіргі сәттегі жағдай бойынша нарық бағасына 24,4% көлемінде сыйақы ұсынып отыр. Теңдерлік ұсыныс 12 800 теңге сомасымен жарияланғандықтан, нарық бағасы осы деңгейге жетті. Өйткені, осы баға бойынша үлкен көлемге

сатып алушы табылды. Компания өзінің қайта сатып алу ұсынысымен артықшылықты акциялар ұстаушыларына тиімді бағамен шығуға мүмкіндік беріп отыр.

Сондықтан төмен баға жөніндегі мәлімдемелерді негізсіз деп санаймыз. Өйткені, жай акциялар мен ЖДҚ сатып алынған кезде нарық бағасына қандай сыйақы ұсынылса, тура сондай сыйақы артықшылықты акцияларға берілуде. Мұндай мәлімдемелер компанияға қысым көрсетудің құралына айналады. Тағы бір атап өткім келетіні, компания артықшылықты немесе жай акциялардың иелері болсын, барлық санаттағы инвесторлардың мүдделері үшін әрекет етеді. Біз корпоративтік басқару принципін дәл осылай түсінеміз. Сол себепті компания ЖДҚ мен жай акцияларды, сондай-ақ артықшылықты акцияларды сатып алған кезде нарық бағасына бірыңғай сыйақыны қолдануға тырысты. Ендігі жерде артықшылықты акционерлерден акцияны бұдан да жоғары сыйақымен сатып алу әділдікпен компания алдындағы барлық акционерлердің теңдігі принципін бұзатын еді. Жай акциялар мен ЖДҚ ұстаушыларының наразылығын тудыруы мүмкін.

– Кезінде акцияларды жоғары бағамен сатып алған, енді арзан бағамен сатуға мәжбүр болып отырған акционерлер бар ма?

– Нарықта артықшылықты акциялардың құны жай акциялардың деңгейіне дейін өседі деген үмітпен артықшылықты акцияларға инвестициялауда алып-сатарлық стратегиялардың бар екендігі ешкімге жасырын емес. Дей тұра, олардың барлығы табысты бола бермейді. Акцияның тиісті дивидендтік кірісіне және нарықтық құнының негізгі өсіміне сүйенетін қарапайым инвестор үшін, әсіресе ол кезінде артықшылықты акцияларды тегін алған қызметкер болса, бұның еш мәні жоқ. Ал кәсіби инвесторлар туралы айтар болсақ – олар әрдайым тәуекелге баратынын жақсы түсінеді.



– Акциялардың бөлішектенуі бола ма?

– Аталған мәселе компания акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы жай акциялардың ұстаушыларына – акционерлерге қосымша эмиссия немесе бөлшектеу жолымен жай акциялардың санын көбейту бойынша шешім қабылдау кезінде ешқандай шектеу қоймайды және артықшылықты акцияларға қатысты осындай іс-әрекеттерді қажет етпейді. Мұндай шешім белгіленген тәртіппен қабылданған жағдайда ол заңды деп есептеледі.

– Құрманғазы Орынғазыұлы, компанияның өткен жылға дивиденд төлеуі туралы шешімі де акционерлер арасында сұрақ тудырады...

– 2017 жылға дивиденд төлеуі туралы шешім жай акцияларға қатысты ғана акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданды. Бұның бәрі заңнамада қарастырылған. Акционерлер заңнамада немесе компанияның жарғысында қарастырылған кез келген шешімді қабылдай алатынын бәріміз білеміз. Оған ешкім шектеу қоя алмайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерге байланысты шешім қабылданған жоқ. Артықшылықты акциялардың ұстаушылары дивидендтерді заңнама, жарғының және акциялар эмиссиясы проспектісінің шарттары негізінде алады. Сондай-ақ, олардың акцияға тиесілі ең төмен кепілдікті кірісті алуға құқықтары бар.

Мерейтой

Көгілдір отын көмбесі

Қазақ газ өңдеу зауытының іске қосылғанына биыл 45 жыл толып отыр. Оның ойдағыдай қарқынмен жұмыс жасап кетуіне көптеген сала мамандары тер төгіп, өз үлестерін қосқанын біз жақсы білеміз. 1957-61 жылдар аралығы Маңғыстаудағы мұнай мен газ қорын айқындаған уақыт болып есептеледі. Сол шақтардағы Өзен алаңында жүргізіліп, жете тексерілген ізденіс жұмыстары нәтижесінде аймақтағы өндірістік газ көкжиектерінің белгілері анықталды. 1961 жылы Өзенде атқылаған мұнай фонтаны осы жерде республикалық маңызы бар ірі мұнай-газ қоймасы бар екендігін дәлелдеді. 1968 жылдан бастап Жетібай мен Өзен кенорындарынан газды өндіру басталды. Әрі осы кенорындарында алғашқы газлифт әдісімен мұнай өндіру қолданыла бастады.



1972 жылы Теңге кәсіпшілігінен газ өндіру басталып, оны Орта Азия – Орталық газ құбырымен тасымалданып, өндірілген газды төменгі температурада тазарту қондырғысы іске қосылды. Жаңаөзеннің жұлдызы жарқыраған осы уақыттарда өлкеге өндірісте мұнаймен бірге ілесіп шығатын газды заласыздандыруға арналған өңдеу зауытының қажеттілігі артты. Коммунистік партияның XXIV съезінде Маңғыстауда Қазақ газ өңдеу зауытын салуға шешім қабылданды. Зауыттың алғашқы құрылыс жұмыстарының жауапты директоры болып Иван Григорьев тағайындалды. Құрылыстың бірінші кезеңі 1972 жылы басталды. Кеңестік дәуірдегі одақтас республикалардың 100-ден астам кәсіпорындарынан құрал-жабдықтар жеткізілді. Мамандардың көмегімен қысқа мерзімде алып құрылыс аяқталып, 1973 жылы пайдалануға берілді. Оны сол кездегі алпауыт Кеңес Одағының әр қиырынан келген мамандар тұрғызды, бірнеше жобалау институты техникалық құжаттарын дайындады. Зауытты алғаш жұмысқа қосу үшін Грозныйдың мұнай өңдеу, Миннибаевск, Вознесенский газ өңдеу зауыттарынан, Невинномысскийдің химкомбинатынан газ өңдеу және газомокомпрессорлар пайдалану бойынша мамандар шақырылды. Жыл санап өндіріс орны көркейіп, ондағы еңбек ететін адамдардың әлеуметтік тұрмысының жақсаруына негіз қаланды. 1973 жылы республиканың тұңғыш газ өңдеу зауытының бірінші блогы іске қосылды. 1974 жылдың алғашқы айынан бастап-ақ зауыт өзінің алғашқы өнімдерін Атырау мен Башқұртстан химия комбинаттарына жөнелте бастады. Содан бері қырық бес жылға таяу уақытта миллиондаған текше метр «көгілдір

отын» осы кәсіпорында өңделіп, зауыт өнімі жұрт қадесіне жаратылып, халықтың сұранысын қанағаттандырып келеді.

1976 жылы зауыттың екінші бөлігі пайдалануға берілді. 1977 жылы компрессорлық станса мен Франциядан әкелінген №2 тоңазыту бөлімшесі, газды фракциялау қондырғысының 3 блогы (ГФУ-3) іске қосылды. 1979-2004 жылдары аралығында күкірттен тазарту және этан шығаратын қондырғы, К-890 компрессор стансасы (турбина), КС-80 французлық компрессор стансасы, АОС (азот-оттегі стансасы), СКДС-70М2 қондырғылары орнатылды.

«Қазақ газ өңдеу зауыты» 2007 жылдың сәуір айында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Газ өңдеу басқармасы» болатын, одан соң «Өзенмұнайгаз» АҚ құрамынан шығып, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамына тікелей қарасты «Қазақ газ өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Сол жылы қазан айында «Газ өндіру және тасымалдау басқармасымен» (ГӨТБ) біріктірілді.

Қазақ газ өңдеу зауыты – Қарамандыбас газ кенорны, Батыс Теңге, Тасболат, Ақтас, Оңтүстік Жетібай, оның ішінде Өзен–Жетібай, Газ алаңдарындағы газ конденсатын өңдеу мен табиғи және мұнай газын дәмшуді іске асырудағы бірден-бір айрықша өндіріс орны. Қазіргі таңда зауытта мыңға жуық қызметкер жұмыс жасайды. Құрамында 15 цех, 18 бөлім-топтар бар. Мекеме белгіленген жылдық жоспарды орындап келеді. Зауыт жыл өткен сайын өркендеп, өсуде. Зауыттың газ өңдеу қуаттылығы жылна 1,5 млрд. текше метр газ өңдеуге есептеліп салынған. Дей тұрғанмен, газ кено-



рындарынан газдың келуі соңғы 15-20 жылда асауына байланысты зауыт 42-47% қуатымен жұмыс жасап тұр. Кіріспе газдың көлемін көбейту бағытында көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда еліміздің экономикалық даму саясатының басты арнасы отандық өндірісті күшейтіп, өндіруші сектормен қатар өңдеуші өнеркәсіпті жаңаша құруға, барлық салада инновациялық ізденістерге батыл бетбұрыс танытып отыр. Ел экономикасын дамытып, халық игілігі үшін еңбек етіп жатқан серіктестік жұмыс қарқынын үнемі арттыруда. Қолда барды шыншай білумен қатар зауытты заманауи жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықтау бағытындағы мәселелер оң шешімін табуда.

Ірге тасы қаланғанына 45 жыл толған зауыт ұжымы биыл мерейлі мерекені кең көлемде атап өтпек. Зауыттың 45 жылдығына орай түрлі мерекелік шаралар, концерттік бағдарламалар мен бірнеше спорт түрлерінен ашық турнир, қызметкерлер арасында әр түрлі сайыстар ұйымдастырылуда.

Қос мерекеге тарту

1972 жылы Су өндіру және тасымалдау басқармасының Ақтау және Жетібай бөлімшелерінде ТСС сорап стансалары бой көтерген болатын. Сорап стансаларының негізгі қызметі – мұнай кен орындарына, атап айтқанда, «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на теңіз суын тасымалдау. Бүгінгі таңда жұмыскерлердің ерен еңбегінің нәтижесінде сорап стансалары тәулігіне 75 мың текше метрге жуық теңіз суын тасымалдап отыр.



Тозығы жеткен сорап стансаларына Серіктестіктің Бақылау кеңесінің төрайымы Айнұр Шаненованың қолдауымен 2018 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тамыз айында сорап стансаларының ашылу салтанаты өтті.

Жұмыскерлердің еңбек жағдайлары жақсартылды, атап айтқанда, асханаларға, сорап стансаларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде орналасқан жу-

ынатын бөлмелер, киім ауыстыратын бөлмелер жаңартылып, жұмыс орындарына жақсы жағдай жасалды. Бұл шара Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мен Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні мерекелерімен тұспа-тұс келіп, қос мереке қарсаңында тамаша сый болғанын атап өту парыз.

Мереке қарсаңында Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай Жаңаөзен қаласы

әкімінің орынбасары Сәбит Сейдалиев бірнеше жұмыскерлерді Алғыс хатпен марапаттап, Су өндіру және тасымалдау басқармасы ұжымының жұмысына ризашылығын білдіріп, өз тілегін айтты. Сонымен қатар Су өндіру және тасымалдау басқармасының директоры Ықылас Меңдібай бірқатар жұмыскерлерді ерекше еңбегі үшін Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапаттады.

Шара мерекелік концертке ұласты. Бұл

жындарға күрделі жұмыстардың жүргізілуіне орасан зор үлес қосқан Су өндіру және тасымалдау басқармасының бұрынғы директоры Дүйсен Медеуовке жұмысшылар қауымының алғысы шексіз.

Ақтомы СҮТБАЕВА,
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС Қызметкерлерді басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат тобының жетекшісі

Киелі өңір ескерткіштері күтімсіз қалмайды



Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» бағытын іске асыру мақсатында «Үстірт ескерткіштеріне – ел тағзымы!» акциясы негізінде «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» кәсіпорнына Қатем-Ишан қорымы тағайындалған болатын.

Аталған акция аясында «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС қызметкерлері мен жұмысшылары осы қорымға жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 60 адам болып аттанды.

Қорым басында серіктестіктің қызметкерлері мен жұмысшылары қоршауларды қалпына келтіру, айналасын тазалау жұмыстарына кірісіп кетті.

Жөндеу жұмыстарын жүргізуді өзіне борыш көрген Ақтау қаласының тұрғыны Қараш Шағыров серіктестік ұжымына Қатем Қожа өмірбаяны жайында сөз етіп, тарихқа көз жүгіртті.

Хатам (Сейіт) Қожа Ғабдолқожаұлы XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, маңғыстаулық түрікмен поэзиясының классигі, шайыр ақын болған. Халық арасында «Хатам ишан» деп аталып кеткен екен. Мұсылманша білімдар адам болған, жергілікті балалардың діни білім алуына жағдай жасап, мешіт салдырған. Маңғыстау өлкесінде болған қиын-қыстау кезеңдерде

түбекті мекендеген халықты өзінің жалынды өлеңдерімен бірлікке, ынтымаққа шақырған.

Хатам Қожа мешіті Ақтау қаласынан солтүстік бетіндегі 40 шақырымдағы Баянды ауылы маңындағы төбе басында орналасқан. Өңделмеген қалақ тастардан қаланып, биіктігі адам бойындай, төбесі ағашпен жабылған, құбыла бетінде кең михрабы бар мешіт осы күнге дейін сақталған. Қатем Қожа қайтыс болғаннан кейін өз мешітінің маңына жерленген болатын. Хатам Қожаның «Боз қараған», «Шерқала», «Қызылөзен», «Айрақты» атты белгілі өлеңдері болды. Ақынның көптеген қолжазбалары Түрікменстан Ғылым академиясының қорында сақтаулы екендігін айта кеткен жөн.

Ақтау қаласының тұрғыны Қараш Шағыров Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында баяндалған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» бағытын ту етіп келген «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС-ның ұжымына алғысын білдірді.

Тазалау және қалпына келтіру жұмыстары біткен соң, серіктестік ұжымы марқұмдардың рухына дұға бағыштап, сауапты іске тамшыдай болса да үлесін қосып қайтты.

Гүлмира ЖОНБАСОВА,
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС 1-ші категориялы кадр жөніндегі маман



Арқан тартып, қошқарды да көтерді

Еліміз бойынша жыл сайын қыркүйек айының бірінші жексенбісінде мұнай-газ өндіру саласының қызметкерлері күні атап өтіледі. Жаңаөзен қаласында осы салаға қатысты мекемелер аталмыш кәсіби мереке шеңберінде түрлі шаралар ұйымдастырып, салтанатты жиындарда бас қосады.

Биылғы жылғы кәсіби мерекені «ӨзенмұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мамандары ерекше тойлады. Серіктестік қызметкерлеріне арналып бас ғимарат алдында үлкен ақ

қанат киіз үй тігіліп, мерекелік дастархан жайылды. Барша мұнайшылардың басын біріктірген отырыста концерттік бағдарлама жасақталып, ән мен жырдан шашу шашылды. Ерлер арасында қошқар көтеру, арқан тарту, әйелдер арасында үстел теннисі сынды спорттық ойын түрлерінен жарыс өткізілді. Сондай-ақ, мереке қарсаңында еңбекте үздік деп танылған бірқатар қызметкерлер «ҚазмұнайГаз» ҰҚ АҚ-ның және серіктестіктің алғыс хаттары мен құрмет грамоталарын иемденді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА





Қос өзен арасының қазынасын игерген

«I-бемме

С.БАЛҒЫМБАЕВ
КЕН ОРНЫНА



ЖАРТЫҒАСЫРЛЫҚ КЕНІШТЕ – ЖАҢА АСХАНА

ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев атындағы кен алаңының 50 жылдық мерейтойы салтанатты түнде аталып өтті. Мерейтойлық шаралардың пымылдығы осында жаңадан салынған 150 орындық жұмысшылар асханасының пайдалануға берілуіне арналған тұсау кесу рәсімімен ашылды. Айта кету керек, осыған дейін пайдаланылып келген 100 орындық асханада түсік ас кезінде адамдардың кезек күтіп, тұрып қалуларына тура келетін. Енді міне, бұл проблема шешімін тапты, мұнайшылар бір мезгілде кезексіз тамақтана алатын болды.

Салтанатты шара кезінде сөз алған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» Басқарма төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры Құрманғазы Есқазиев Ембі кен алаңдарының әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып отырғанын баса айтып өтті.

– Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ өте көне кен орындарын игеріп жатыр. Соған қарамастан әлеуметтік жағдайды жақсартып, жұмысшыларға көп көңіл бөлуде. Компанияның басты құндылығы – Сіздер, мұнайшылар!

Әлеуметтік нысандарды жақсарту жұмыстары жалғасады. Мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ – ның Кенбай кен алаңында 100 орындық жатақхананың, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Қисымбай кенішінде 50 орындық асхананы іске қостық. Бүгін С.Балғымбаев кен алаңындағы 150 орындық асхана сіздерге есігін айқара ашып отыр.

Уақыт бір орында тұрмайды. Болашақта осындай жұмыстарымызды жалғастыра береміз, – деді өз сөзінде Құрманғазы Орынғазыұлы.

Қ.Есқазиев өзінің құттықтау сөзінде атқарылған жұмыстарға да кеңінен тоқталды. Соңғы жылдарда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша 60 шақырымдық өндіріс ішілік жолдың құрылысы аяқталып, іске қосылғанын, сонымен қатар Қаратон құрылымында барлау жұмыстарын бастау жөніндегі жұмыс жоспары қолға алынатынын, бұл орайда ұңғымалардың тереңдігі 6000 метр болатындығын да атап өтті. С.Нұржанов, Досмұхамбетов, Ақтөбе, Ново-богат кеніштерінде ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары қолға алынғалы отыр. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5 мыңнан астам еңбек етеді. Биылғы жылы 2 миллион 895 мың тонна өнім игеру жоспарлануда.

МАРАПАТ МЕРЕЙ ӨСІРЕДІ

Мерекелік шара одан әрі сазды бағдарламамен және еңбек озаттарын марапаттаумен жалғасты. «Қара алтын» өндірісінің өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосып, өзгелеріне үлгі-өнеге боп жүрген кәсіби мереке иелерінің бір тобына ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі табысталды. Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «ҚазМұнайГаз» ҰК»АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, Исатай ауданы әкімінің Алғыс хаттары тапсырылды.

Салтанатты шараға жиналғандарды «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков құттықтады:

– Үстіміздегі жылдың 23 тамыз күні Атырау облысындағы жұмыс сапарында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесіне келді. Бұл – ембілік мұнайшылар үшін үлкен мәртебе. Осыдан тура 23 жыл бұрын Елбасы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ашылу салтанатына қатысқан болатын. Міне, енді мемлекет басшысы екінші рет қазақ мұнайының «қара шаңырағына» аяқ басып отыр. Елбасы өндіріс үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен, соның ішінде «Интеллектуалды кен орын» жобасының жұмысымен танысты. Өздеріңіз жақсы білесіздер, біздің Компания мемлекет басшысының тапсырмасына сай өндірісті жаңа технологиялар қамтып, тың жобаларды батыл енгізіп келеді. 2016 жылы өндіріс шығындарын оңтайландыру мен еңбек өнімділігін арттыру мақсатында қолға алынған бұл пилоттық жоба – Уаз кен алаңында іске қосылып, бүгінде тиімділігін дәлелдеп те үлгерген тың бағдарлама. 2017 жылы жоба жұмысы Прорва кен алаңдары тобына таратылды. 2024 жылдың соңына дейін 12 кен алаңы цифрлық өндіріске көшіріледі.

Ембі өндірісін өзгерістермен, жаңа технологиялармен үздіксіз қамту ең алдымен ұжымдағы бірліктің, ауызбіршіліктің жемісі деп түсіну керек. Бұл – ембілік мұнайшылардың берекелі тірліктерінің арқасы деп есептеймін, сол үшін де сіздерге үлкен алғыс айтамын, – деді құттықтау сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Құттықтау сөздердің легін әрмен қарай Исатай ауданының әкімі Марат Мұрзиев, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Мәлік Жүнісов, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Кенжеғали Шанқанов, аталмыш басқарма кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Қабделов жалғастырды. Осы жерде

біз марапатталғандардың бір тобын сөзге тартқанбыз.

Шаймерден ТӨЛЕҢГІТОВ, ардагер-мұнайшы:

– Отыз жыл еңбек өтілім осы мұнай өнеркәсібі саласында өтті. Қатардағы мұнай өндіру операторынан бастап басқарманың бас инженері, басқарма басшысына дейінгі баспалдақтардан өттім. Әрине, еңбекке араласқан алғашқы кезеңдерде көптеген қиындықтар да кезікті. Қазіргідей жайлы жатақхана, алаңсыз отырып тамақтанатын асхана дегенің атымен жоқ. Өндірістік процестерде де кедергілер болып тұратын. Оларды тек бірлесіп қана жеңе білдік. «Күш біріксе, алынбайтын қамал жоқ» деген сөз осыдан қалған шығар. Заманның түзеліп, жағдайдың жақсарғаны осы емес пе, бүгінде Ембі өндірісі жаңа технологиямен жұмыс жасауда. Мұнайшылардың әлеуметтік мәселелері де шешімін тапқан. Осының бір көрінісі мына асхана. Мұнайшыларға жасалып жатқан әлеуметтік көмектерге бәріміз де дән ризамыз.

Қазира СҮЙІНҒАРИЕВА, ардагер-мұнайшы:

– Мен осы Мартышидан (бүгінгі С.Балғымбаев кен алаңы) бастап көптеген кен орындарында еңбек еттім. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының геологиялық қызмет бөлімінің басшылығынан зейнеткерлік демалысына шықтым. Әрине, айтуға жеңіл көрінгенімен, оңай болмағаны да шындық. Әсіресе, бұл салада ер азаматтармен қатар жүріп, солармен бірдей еңбек ету – әйел адамға үлкен сын, салмақ болатын. Соның бәріне де шыдамдылық таныттық. Қиындықты жеңдік, жемісі мен жеңісін бірге көрдік. Міне, бүгінгідей бақытты күнге жеттік. Еңбегіміз бағаланып, марапатты да алдық. Өзіміз куәсі болып отырған мынадай қуанышты сәттеріміз көп болсын. Басшы азаматтар мен ел ағаларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Нұрберген ПАЗЫЛОВ, орталық инженерлік технологиялық қызметтің ауысым инженері:

– Отыз төрт жылдың еңбек өтілімнің алғашқы он жылында мұнай өндіру операторы, одан кейін мұнай өндіру шебері болдым. Соңғы 14 жылдан бері осы жұмысты атқарып келемін. Өзіміз бірінші болмасақта, С.Балғымбаев атындағы кен алаңын алғашқылар қатарында ашқан, соған атсалысқан аға-апаларыммен жұмыста болып, солардан көп нәрсені үйреніп-білгенімді мақтаныш тұтамын. Ал, мынадай игіліктерге кенелуіміз де еселі еңбегіміздің өтеуі, қайтарымы деп есептеймін. Іс басында жүрген азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ.


ЖАҢАРҒАН КЕҢСЕ – ЖАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Салтанатты шара кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ және аудан басшылары Исатай ауданының орталығы – Аққыстау селосындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің күрделі жөндеуден кейінгі орталық кеңсе ғимаратын аралап көрді. Оның тұсаукесер рәсіміне қатысып, рәміздік лентаны қиды.

Мерекелік шараның бағдарламасында мұнайшылар құрметіне республикалық ақындар

айтысы ұйымдастырылып, оған бүгіндері республика жұртшылығына кеңінен танылып жүрген ақындар арнайы шақырылды. Ал, мерекелік бағдарлама кешкілік орталық стадиондағы Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары мен қазақ эстрада жұлдыздары – өнерлі жұп Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдинаның қатысуымен болған гала-концертке ұласты. Мерекелік шара отшашумен мәресіне жетті.





Қисымбайда – жаңа асхана

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Қисымбай кен орнында өткен салтанатты шарада 50 орындық асхананың ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Бұл асхананың жобасы 2015 жылы басталды. Компанияның сол кездегі басшысы Құрманғазы Есқазиев осы идеяның авторы болған еді. Бүгін осы бастама іске асып, мұнайшылар күніне үлкен сый жасалып отыр. Өйткені, Қисымбай кен орнында 50 адам жұмыс жасайды. Бұған дейін мұнайшылар орынның тарлығына байланысты кезекке тұрып тамақтанса, енді жаңа асхана барлық жұмысшыларға бір мезетте қызмет көрсете алады. Сонымен қатар, тамақтың сапалы болуын да бақылап отырмыз. Себебі, біз үшін ең бастысы – жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығы, – деп атап өтті салтанатты шарада «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев.

Компанияда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлкен көңіл бөлініп келеді. Атап айтсақ, өткен жылы «Жылыоймұнайгаз» басқармасына қарасты Ақинген кен орнында жаңа жатақхана салынса, биыл Құлсары

қаласында мұнайшыларға арналып 32 орындық жатақхана бой көтерді.

Салтанатты шара барысында еселі еңбектері бағаланған бір топ мұнайшылар марапатталды. Атап айтсақ, Прорвадағы мұнай және газ өңдеу цехының №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 5-разрядты жөндеушісі Нұрлыбек Ахметов ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. №2 Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының 4-разрядты жөндеушісі Ерболат Мирмановқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы, ал басқарманың өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Әлібек Кәрімбаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісі табыс етілді.

Аталған мұнай-газ өндіру басқармасының Прорвадағы мұнайды дайындайды цехының

механигі Қуандық Құрбанов, Құлсарыдағы мұнайды дайындайды цехының Қисымбай мұнайды дайындайды цехының тауар операторы Байжұма Жалғасбаев, Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу операторы Құдайберген Аманқосов, Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 6-разрядты көтергіш машинисі Талап Кершубаев, №1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының 4-разрядты жөндеушісі Есет Кенжеғалиев «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұған қоса, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника

керуенінің 6-разряд мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету агрегатының машинисі Марат Сәлімгереевке, Прорвадағы автокөлік және арнаулы керуенінің 6-разряд бульдозер машинисі Жұма Өмірзақовқа,

Прорвадағы нысандарды ағымдағы жөндеу учаскесінің 5-разряд ағаш шебері Есенгелді Байтанатовқа, Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының 5-разряд жөндеушісі Ақылбек Сенғалиға, зерттеу жұмыстар цехының 4 разряд ұңғыларды зерттеу операторы Айбек Сағынбаевқа «Ембімұнайгаз» АҚ Алғыс хаты табыс етілді.

Доссор мәдениет үйінде де кәсіби мерекеге орай салтанатты шара өтті. Доссорлық мұнайшыларды ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары С.Нақпаев, Мақат ауданының әкімі Жұмабай Қарағаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді Сүлейменов құттықтап, үздік жұмысшылардың ерен еңбегін атап өтті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісімен Қамбар Жолаев марапатталды. Жерасты байлығын игеріп, елдің кәдесіне жарату жолында аянбай еңбек етіп жүрген Жәнібек Құлғалиев, Берік Танашев, Жанұзақ Сұлтанов, Сәндібек Әділов, Мәлік Салиев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасына, Елібай Мырзағали, Сисенғали Ақмұрзиев, Данияр Бисенов, Жақсыбек Сарбалин «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Алғыс хаттарына ие болды. Сонымен қатар, басқа да қызметкерлер мен сала ардагерлері марапатталды.



Кенбайлықтар қуанышқа кенелді

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Кенбай кен орнында өткен салтанатты шарада 100 орындық жатақхана пайдалануға берілді. Жаңа жатақхана екі қабаттан тұрады, барлық бөлмелер екі адамға арналған. Киім кептіретін, үтекті бөлмелермен, қажетті техникамен толық қамтылған.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев: «Компанияда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлкен көңіл бөлініп келеді. «Қайнармұнайгаз» басқармасында 2017 жылы азық-түлік сақтайтын 2 мобильдік вагон, канализация суын тазалап, буландыратын қондырғы іске қосылды, басқарманың кеңсесі күрделі жөндеуден өтті. Уаз кен алаңында 30 орындық жатақхана ашылды және тағы басқа жұмыстар жасалды. Ендігі алдымызда тұрған мақсат – жатақханаларымызды заманға сай тигіткі жүйеге көшіру. Осыған орай өткен жылы 500-ге жуық адам жұмыс жасайтын Кенбай кен орнында модульдік жатақхананың құрылысы басталды» дей келе кенбайлық мұнайшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Сонымен қатар, салтанатты шараға қатысқан Қызылқоға ауданының әкімі Арман Баженов пен аудандық мәслихат хатшысы Толқын Бейсқали мұнайшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, жылы лебіздерін арнады.

Салтанатты шара барысында аталған мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Нұрболат Ахметов «KAZENERGY» Ассоциациясының Алғыс хатымен марапатталса, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының 5-дәрежелі операторы Еркебұлан Қарабаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы табыс-

талды. Кенбай мұнай-газ өндіру цехының 5-дәрежелі операторы Ерболат Жұмағалиевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Естелік белгісі табыс етілді.

Уаз, Қондыбай мұнай және газ өндіру бөлімшесі бастығының орынбасары Эльдар Есенғалиев, Кенбай мұнай және газ өндіру цехы қабат қысымын ұстау бөлімшесінің машинисі Тайман Сүндетов, мұнай дайындау және айдау цехының технологиялық сораптар машинисі Серік Жақыпов, зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы Ержан Танатов, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы Алаш Қабиев «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жылу, газ, сумен қамтамасыз ету бөлімшесі бастығының орынбасары Самат Ғалымжановқа, арнаулы техника және автокөлік колоннасының цементтеу агрегатының моторисі Жоламан Оразбаевқа, қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесін электр газымен дәнекерлеуші Жақсылық Касеновке, Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің жұмысшы агентті қабатқа сіңіретін сорап стансасының машинисі Қанат Құтжанға компанияның Алғыс хаты табысталды.

Жаңа жатақхананың лентасын ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары С.Нақпаев пен аудан әкімі А.Баженов салтанатты түрде қиды.





Тартысқа толы тәуліктердің тарландары

Еліміздің барлық жерінде спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Спортпен белсенді айналысатын адамдар көбейді. Қоғамда салауатты өмір салтының мәдениеті қалыптасып жатыр. Әрине, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы да әрдайым осындай үдерістің алдыңғы шебінде келе жатқаны рас. Спорттық шаралар «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы қызметкерлерінің өмірінен бұрыннан орын алған. Компанияның көптеген еншілес ұйымдарымызда жыл сайын Спартакиада өткізу игі дәстүрге айналды. Мұндай корпоративтік шараларды қолдау ҚМГ басшылығының бұлжымас ұстанымына айналды.



Биыл үшінші жыл қатарынан ҚМГ компаниялар тобы деңгейінде Спартакиаданың ақтық кезеңі өткізілді. Ымырасыз күресте ең мықтыларды анықтау үшін Спартакиадаға 30 еншілес кәсіпорында іріктеу кезеңдерінде жеңіске жеткен спортшылар жиналды.

Спартакиада шағын футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, армрестлинг, жүзу және тоғызқұмалақ тәрізді сегіз спорт түрінен өтті. Спорт түрлері бойынша бұл Спартакиада «Самұрық-Қазына» Спартакиадасына толық сәйкес келеді және осы Спартакиаданың жеңімпаздары «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының ақтық сайыстарында «ҚазМұнайГаз» намысын қорғайтын болады.

Спартакиадаға қатысушыларға белсенді өмірлік ұстанымы үшін және кәсіби қызмет пен салауатты өмір салтын қатар алып жүргені үшін алғыс айтқан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев өз құттықтауында денсаулықтарын шыңдап қана қоймай, рухы мықты адам ретінде әріптестері мен жақындарына үлгі бола білген Спартакиадаға қатысушыларға қашанда жеңіс тұғырынан көріне берулеріне тілектестігін білдірді.

Шынында да, спорт адамды мақсатқа ұмтылу, табандылық, командада жұмыс істей білу тәрізді ең жақсы қасиеттерге баулиды. Мұндай қасиеттер «ҚазМұнайГаз»

қызметкерлерін спорттық қана емес, кәсіби аренада да жеңіске жетуге көмектеседі.

Үш күнге созылған Спартакиаданың спорттық алаңдарындағы күрес әділ әрі әсерлі болды. Дәл осы алаңда жарыс пен бәсеке рухында өткен ақтық сындарда үлкен де даңқты ұжымның бірлігі бұрынғыдан да нығая түсті.

Осы жылы спорттық жарыстар Назарбаев Университеті спорт кешенінің аумағында өтті. Елордамызға ҚМГ компаниялары тобының 30 ұйымынан 350 қатысушы жиналып, ақтық бәсекеде бақ сынасты.

Спартакиаданың ашылу салтанатында сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев өңірлік спартакиадаларда жарыстардың бірінші кезеңінде жеңіске жетіп, финалға қатысу үшін Астанаға келген қатысушыларды құттықтады. Ол жарыстардың ақтық бәсекесі үшін жыл қатарынан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы деңгейінде ұйымдастырылып отырғанын баса айтты. «ҚМГ Спартакиадасы – бұл достық пен ынтымақтың корпоративтік мерекесі. Спартакиада қатысушыларына белсенді өмірлік позициялары үшін алғыс білдіремін. Сіздер салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, жас мамандарға үлгі көрсетіп келесіздер!» деді Д. Қарабаев.

Енді спартакиада аясындағы жарыстарға жеке-жеке тоқталып өтейік. Мұнайшылар пинг-понг ойнаудан алдарына жан салмайтынын бұл жолы да дәлелдей білді. Үстел теннисіндегі бәсекелер өте тартысты өткені – соның айқын дәлелі. Үстелдің екі жағындағы теннисшілер бір-біріне шарды шиыра соққаны өз алдына, бірінің соққысын біріне қайыра соққымен алма-кезек жауап бергенде мұның шегі болмайтындай тамсана қараудан жалықпайсың. Әр ұпай осындай ұзақ тартыстың арқасында келетінін көргенде спортшылардың табандылығы мен шыдамдылығына қайран қаласың.

Жоғары дәрежелі төреші **Қарлығаш Иш-кимбаеваны** сөзге тарттық. Осы жарысқа қазылық жасап жатқан ол біздің сұрауымызға қарсылық танытпады: «Үстел теннисі бойынша жарысқа 8 команда қатысуда, олар: ҚМГ ҰК, Қазгермұнай, Кен Құрылыс Сервис, ҚМГ Өнімдері, Қазақойл-Ақтөбе, ҚТГ және Маңғыстауэнергомұнайгаз. Ойындар бес партиядан тұратын жүйе бойынша өтіп жатыр. Үш жеңіске дейін ойналады. Қазіргі сәтте екі ойыншының ұпай саны бірдей болып тұр. Олар

бірінші орын үшін таласуда. Бұл Әбілдинов Дамир мен Ескендіров Темірлан. Үшінші орынға Жақсылықов Бақтыбек және Ким Николай ойнап жатыр. Сондай-ақ, Үскімбаев Болат та жақсы ойын көрсетті. Жарыстар керемет өтуде. Көп ұзамай, жеңімпаздар белгілі болады». Бұл – төрешінің жарыс қызып жатқан кездегі ойлары еді. Біз жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар есімін осы бетте жеке беріп отырғандықтан, мақалада қайталаудан қашып отырмыз. Сондықтан да әр спорт түрі бойынша спортшылардың жарыс туралы пікірлеріне көбірек орын бергенді жөн санадық. Теннис жарысына қатысушылардың тағы да пікірлерін тыңдаған едік.

Теннис турнирлерінің тұрақты қатысушысы, «ҚазТрансГаз» компаниясынан келген **Николай Тен**: «Турнир өте тартысты, қызықты болды. Әсіресе бірінші-екінші орындар үшін ойын қыза түсті. Бәрі мен қалағандай болған жоқ. Өткен жылы үшінші орын алсам, биыл – бесінші. Теннис – бұл демократиялық, шапшаңдықты қажет ететін ойын. Оның үстіне ҚМГ Спартакиада шеңберіндегі қарым-қатынас, байланыстарды бағалаймын. Спортпен шұғылданыңыздар!».

Гүлмира Ержанова, «ҚазТрансОйл» компаниясы тобының мүшесі: «Теннис турнирінде төртінші орын алдым. Менің жас мөлшерім үшін бұл жақсы көрсеткіш деп ойлаймын. ҚМГ-ның ақтық ойындарына осымен екінші рет қатысып отырмын. Бар күшімізді салып ойнадық. Осы сайыстарды жақсы көремін. Спорт – тұтас бір әлем. Спартакиада финалына қатысу – баршамыз үшін тамаша, есте қаларлық оқиға! Мереке құтты болсын!».

Баскетбол бойынша жарыстың өту барысы жөнінде ұлттық санаттағы төреші **Рүстем Иманқұлов** та өз ойын бүкпесіз жеткізді: «Спартакиада жалғасуда, жарыстар қызықты әрі тартысты өтуде. Бүгін ҚТО – Қазгермұнай жақсы ойын өрнегін көрсете білді. 55-21 есебімен Қазгермұнайлықтар жеңіске жетті. Командалардың жауапкершілікпен дайындалғандары көрініп тұр. Барынша күштерін салды. Матчқа төрелік жасау қызықты болды. Екінші болып алаңға Ойл Сервис Компани мен ПМХЗ шықты. Мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері айқын басымдықпен алға шығып, жеңімпаз атанды. Енді Қазгермұнай-Өзенмұнайгаз және ҚТО-Ойл Сервис Компани ойнайды. Қызықты болатынына күмәнім жоқ».

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Спартакиадасының екінші күнінде де Назарбаев Университетінің спорт кешенінде баскетбол ойынын қызықтаушылар көп болды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ баскетбол командасының капитаны **Бауыржан Жұбаназаров** жарыс туралы толғана сөйледі: «Біздің команда Спартакиадаға бірнеше жыл қатарынан қатысып келеді. Баскетболдан турнир 2012 жылдан өткізіледі. Біз қашанда жүлделі орындарды иеленіп келеміз. Өткен жылы баскетбол турнирі Зерендіде өтіп, біз үшінші орын алған едік. Осы жылды да жақсы бастадық, құрама ойыншылары мықты, тобымыз компаниямыздың жас спортшыларымен толықты. Биылғы қарсыласымыз да мықты – Павлодар мұнай-

химия зауытының командасы. Жалпы, биылғы жылдың қатысушылары осал емес. Астанада бізге барлық жағдай жасалған. Қонақ үй керемет, тамағы да жақсы, бір-бірімізбен араласып жатырмыз. «Өзенмұнайгаз» жыл сайын бізге баскетбол формасының толық жиынтығын сатып алуға қаражат бөліп тұрады. Сол үшін басшылыққа рахметімді айтқым келеді».

Қаныш Демесінов, финалда Қазгермұнай командасын жеңіп шыққан ПМХЗ баскетбол



командасының капитаны. Павлодарлықтар – чемпион! Қаныш былай дейді: «Бірінші кезекте осы жылғы спартакиаданың ұйымдастырылуын атап өткім келеді. Бәрі жоғары деңгейде болды. Керемет залдар, лайықты қарсыластар. Жігерлі, әділ және әдемі тартыста біз жеңіске жетіп, бірінші орынды иелендік. Өз дивизионымызда үздік екенімізді дәлелдік. Баршамызға мереке құтты болсын! Спортпен шұғылданыңыздар!».

Спартакиада туралы әңгімемізді әрі қарай жалғастырып, волейбол ойыны туралы айта кетейік.

Ирина Каденцева, финалда Өзенмұнайгаз командасынан басым түскен АМӨЗ командасының капитаны: «Біз үшін жарыс оңай болды! Іріктеу кезеңінде бұдан қиынырақ болған. Біз жеңіске жеттік, бірінші орын алдық. Өз нәтижелерімізбен мақтанамыз! Осындай көрсеткіштерге жету үшін бірнеше жыл тер төттік, күш салып дайындалдық. Зауытымызға рахмет! Бізге қашанда жәрдемдесіп, қолдау көрсетіп келеді».

Жарысқа қатысушы «Ембімұнайгаз» АҚ волейбол құрама командасының ойыншысы **Ботакөз Истекова** – спартакиадаларға жыл сайын қатысып келе жатқан тәжірибелі спортшы. Ол айтады: «Біздің Ембі мұнайшылары командасындағы әйелдердің жасы 40 пен 50 аралығында. Бәріміз спортты жақсы көреміз, шын көңілімізден қатысып жатырмыз. Компаниямызға осындай спорт шараларына қатысуға мүмкіндік бергендері үшін алғысымызды білдіреміз. Әріптестерімізбен



жұмыста ғана емес, спорт алаңдарында да бәсекеге түсіп жүрміз. Жұмысымызда барлық жағдай жасалғанын атап өткім келеді. Компаниямызда еңбек етіп жатқан мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, бәрі – керемет. Компания бізге үнемі қамқорлық танытады. Спорттық корпоративтік мерекелерге барып, қатысу біздің өмірімізді жандандырады, жақсы көңіл-күй сыйлайды, ұжымның ұйымшылдығын арттырады. Еліміздің әр өңірінен келген мұнайшы-әріптестерімізбен танысып, араласып жатырмыз. Спартакиада – біз үшін үлкен мереке. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының бір бөлігі екенімізді сезінудеміз. Денсаулықтарыңыз мықты болсын. Спортпен шұғылданыңыздар». Осындай ғажап тілектің авторы Ботакөздің командасы осы Спартакиадада жүлделі үшінші орынды жеңіп алды.

Азамат Жақыпов – финалда Маңғыстаумұнайгаз командасын ұтқан ПМХЗ командасының капитаны. Павлодар мұнай өндірушілері ерлер арасында волейболдан чемпион атанды. Павлодарлық А. Жақыпов: «Біз «Қайта өңдеу-Маркетинг» дивизионы іріктеу турнирінде жарысқа түстік. Жеңіске жету оңай болған жоқ. Мұнда, жарыстардың финалындағы жеңіс те еңбекпен келді. Дайындығы мықты қарсыластарымызды жеңіп шығу үшін біз бірнеше жыл бойы табандылықпен жаттықтық. Дінмұхамед Кенжеғалинов, Ерзат Сакишев, Әсет Байтенов – бұл біздің командамыздың қатысушылары, осы жігіттердің шеберлігі арқасында чемпион болдық. Волейболдан ҚМГ Спартакиадасында чемпион атанудың өзі бір абырой. Өйткені, жыл өткен сайын жарыстардың деңгейі өсіп келеді».

Ерлер арасында «Маңғыстаумұнайгаз» волейбол командасының капитаны **Нұрлан Елубаев** та өз тілегін білдіруден қаша қоймады: «Биылғы жарыстардың ұйымдастырушыларына алғыс бідіремін. Біз үшін бұл үшінші спартакиада. Назарбаев Университетінің залдары тамаша екен. Барлық мұнайшыларымызды Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын. ҚМГ Спартакиадасы шеңберіндегі волейбол турнирінің финалында керемет ойын көрсеттік. Өте қуаныштымыз. Өзім 30 жылдан бері волейбол ойнап келемін. Жастарға айтар ақылым – спортпен шұғылданыңыздар».

Шағын футболдан ақтық сында кездескен «OSC» ЖШС және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС командалары арасындағы матч жанкүйерлердің үлкен қызығушылығын тудырды. Сондықтан да олардың қарасы мол болды және өз командаларына ерекше қолдау көрсетті.

Ойынның бірінші бөлігінде мұнай-сервисшілер басымдық көрсетті. Бірінші тайм-



да жауапсыз үш гол соққан олар чемпиондыққа лайықты команда екенін дәлелдеп үлгерді. Алайда, екінші таймда олардың қарсыластары алаңдағы жағдайды өзгертіп, есепті теңестіру үшін бар күш-жігерін жұмсап, ақтаулықтарды әбден қыспаққа алды. Әдемі техникалық шеберлік, қақпаға бағытталған тура соққылар мен қақпашылардың ала допқа тосқауыл болған сәттері ойынның ажарын аша түсті.

Маңдай терді ағызып, ынта-жігерді жандырған ойын ақыры 4:0 есебімен «OSC» ЖШС командасының жеңісімен аяқталды. «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС екінші орынды қанағат тұтты.

Мұның алдында «Ембімұнайгаз» АҚ пен «Өзенмұнайсервис» командалары үшінші



орынға таласқан еді. Бұл ойында «Ембімұнайгаз» АҚ командасы 3:2 есебімен ұтып, қола жүлдегер атанды.

ҚМГ Спартакиасы шеңберінде армрестлинг бойынша сайыстар да өте тартысты өтті. Осы спорт түрінің жеңімпазы **Айгүл Шурипова** – «Қазақойл Ақтөбе» компаниясы командасының мүшесі. Чемпионды сөзге тарттық. Айгүл қуанышын жасыра алмады: «Жарыстарға алғаш рет қатысып отырмын. Осында келгеніме қуаныштымын. Бәрі ұнады: спартакиада керемет ұйымдастырылған, төрешілер де мейірімді – бәрі жоғары деңгейде өтті. Спортпен бала кезімнен шұғылданамын. Өзімнің жеңіске жететініме күманім болған жоқ. Армрестлинг сайыстары маған ұнады, дайындық жұмыстары өте жақсы».

Суда жүзушілер жарысына ҚМГ Спартакиадасының басты төрешісі **Халил Бегеновтің** өзі төрешілік жасады. Түрлі жекпе-жектер бойынша, бокс, футбол және спорттың басқа да түрлерінің тұрақты нұсқаушысы Халил ұзақ жылдар бойы ҚМГ спорт кешенінің бас менеджері болып еңбек етіп келеді. Біздің басты корпоративті спортшыларымыздың бірі, бокстан спорт шебері.

Ол бізбен жүзу жарыстарының финалында сұхбаттасып, Спартакиада туралы өз ойын білдірді: «Спартакиада жоғары деңгейде өтіп жатыр. Жыл өткен сайын ҚМГ тобының қызметкерлері бұдан да жақсы дайындалып келетіндері қуантады. Ешкім әйтеуір қатысу керек екен деп қатысып жатқан жоқ: бәрі ұйымдап, жеңімпаз атанғысы келеді, жарыстар қызып жатыр. Нәтижелердің жақсарғаны соншалықты, тіпті кейбір сайыстар кәсіби деңгейдегі корпоративтік спортқа ұқсап келеді. Шынымен де Қазақстан чемпионаттарына қатыса алатындай спортшылар бар. Мұндай шаралар өте қажет, өйткені бұл салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт түрлерін дәріптеу, корпоративтік рухты нығайту. Менің айтатыным, спорт, физикалық жүктемелер кез келген жұмысқа көмектеседі. Мен әлі күнге дейін спортпен белсенді айналысамын, көптеген жарыстарға қатысуға тырысамын. Биылғы жүзу жарыстары жөнінде айтатын болсақ, мықты қыз-жігіттер келген екен. Тартысты бәсеке болмақ. Ал «ескі» чемпиондар оңайлықпен берілмейді!».

Елена Тубакина – Қазгермұнай БК командасының мүшесі, Қызылорда қаласынан келді. Елена өткен жылы үшінші орынға тұрақтаған болатын. Осы жылы көрсеткіштерін жақсартып, екінші жүлделі орынды иеленді. Лена сұхбат барысында былай деді: «Тамыздың 26-сы күні бес күнге ұшып келдік. Ұйымдастыру деңгейі мінсіз, лайықты қонақ үй, дәмді тағам, бізге көп көңіл бөлініп жатыр. Корпоративтік мерекенің достық атмосферасы сезілуде. Шағын демалыс іспетті. Біз ризамыз. Мен де жақсы жүзіп шықтым». «Елена, бұрын спортпен шұғылданған боларсыз? Спорт түрлерінен атақтарыңыз бар шығар?» деген сұрағымызға ол күліп жауап қайтарды: «Жоқ! Менің басты бапкерім – Сырдария өзені, жас кезімнен рахаттанып жүзетін едім. Міне, содан тез жүзуді үйреніп алдым».

Әйгерім Алпысбаева ҚМГ Өнімдері компаниясында мұнай өнімдерін

сату департаментінің менеджері болып еңбек етеді. Ол бұл Спартакиадада да өз рекордын жаңарта білді. Биылғы тартыста ол үш жыл қатарынан шахмат бойынша ҚМГ чемпионы атанды. Ол ҚМГ Спартакиадасы туралы өз ойымен бөлісті: «Турнир керемет өтті. Бәрі өте жақсы ұйымдастырылған. Ойыншылардың жақсы құрамын, әділ төрешілерді атап өткім келеді. Мен шахмат ойнауды Астананың шахмат клубында бастап,

кейін мектепте осы бағытта жұмыстанып, дами түстім. Бір сөзбен айтқанда, үнемі шахмат ойнап келемін. Осы жылы турнирға іріктеу кезеңіндегі бірінші айналымына мықты ойыншылар көп қатысты. ҚМГ филиалдарының арасында бірінші болдым. Одан кейін мұнай және газ тасымалдау дивизионында жарыстардың екінші кезеңі өтіп, онда да жеңіске жеттім. Кезінде ҚМГ Ұлттық компаниясында еңбек еткен Дәрмен Сәдуақасов туралы айта кеткім келеді. Әрине, мен оны білемін және өте құрметтеймін. Ол әлемдік деңгейде үлкен жетістіктерге жетті. Сол кезде мен кішкентай болдым, Дәрменмен ойнай алмадым. Дегенмен, ойын қызықты болар еді. Ол – біздің бұрынғы әріптесіміз, ҚМГ компаниясында департамент басқарған. Дәрмен Сәдуақасов Анатолий Карповтың өзімен ойнаған спортшы, одан автограф алғым келген кездерім есімде. Бүгіндері түрлі корпоративтік жарыстарда кездесеміз. Мен шахматты жақсы көремін. Осындай терең ойлы, әсерлі ойынды қашанда ойнайтын боламын».


Дәстүрге айналып үлгерген осы жылғы Спартакиада кәсіби мереке – Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні құрметіне арналды. Үш күн бойы Назарбаев Университетінің спорт алаңдарында және ҚМГ спорт кешенінде тартысты бәсекелер өтті. «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобы өз өндірістік қызметін жүргізетін өңірлерде қиын іріктеу кезеңдерінен өткен үздік қатысушылар жеңіс тұғырына көтерілу үшін күш сынасты.

Астанаға ақтық спорттық бәсекелерге қатысушылар осы жылы ҚМГ бөлімшелерінің командалары корпоративтік спорт мерекесіне өте жақсы дайындалған. Жарыс төрешілері қатысушылардың жоғары шеберлігі мен спорт алаңдарының керемет жабдықталуын атап өтті.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының құрамына кіретін ұйымдарда спортқа деген сүйіспеншілік кеңінен дамыған, ал салауатты өмір салты корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Спартакиаданың жабылуында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев компания қызметкерлердің салауатты өмір салтына деген ынтасын жан-жақты қолдады. Көптеген құрылымдық бөлімшелерде спорт залдары жұмыс істейді, қызметкерлерге секцияларға бару үшін жағдай жасалған. Спортты қолдау шараларының арқасында көптеген еншілес мекемелерде мықты спорттық командалар жасақталған.

«Біз үш жыл қатарынан Спартакиаданың ақтық ойындарын Астанада «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының деңгейінде өткізіп отырмыз. Біз бәріміз – ҚМГ-ның біртұтас командасымыз, – деді Басқарма төрағасы, – Біз өткен жылдардың тәжірибесін ескере отырып, биылғы Спартакиаданы бұдан да керемет, жарқын, қызықты, тартымды етіп өткізуге тырыстық. Жарысқа қатысушылардың өзінен және төрешілерден ойындарды өткізудің жағдайлары туралы, қатысушылардың тұратын жерлері, олардың бос уақыттарын ұйымдастыру жөнінде жылы сөздерін естіп жатырмын. Баршаңыздың көңілінен шыққанымызға қуаныштымын. Қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданып қызметкерлеріміз өз әріптестеріне өмірге деген құштарлықтарын және көшбасшы болу ынтасын көрсетеді деп ойлаймын».

ҚМГ басшысы жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК атынан медальдар мен дипломдар табыс етті. Ал, ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы Сұлтан Қалиев көрермендер көзайымы жүлдесінің Павлодар мұнай-химия зауытының командасына бұйырғанын жеткізді.



Спартакиаданың салтанатты жабылуы достық пен қуаныш ахуалында өтті. Қатысушылар тамаша көңіл-күй мен жігер алды. Сондай-ақ, Спартакиада соңында қатысушы спортшы-мұнайшыларға арналған концерт болды.






«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Спартакиадасының ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Орындары **Жеңімпаздар**

Баскетбол

1	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
2	«Қазгермұнай» БК ЖШС
3	«Өзенмұнайгаз» АҚ



Волейбол, әйелдер

1	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
2	«Өзенмұнайгаз» АҚ
3	«Ембімұнайгаз» АҚ

Волейбол, ерлер

1	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
2	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
3	«ҚазТрансОйл» АҚ

Шағын футбол

1	«Oil Services Company» ЖШС
2	«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС
3	«Ембімұнайгаз» АҚ



Үстел теннисі, әйелдер

1	Қожахметова Индира («ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС)
2	Айтжанова Лаура («KMG EP-Catering» ЖШС)
3	Ким Марина («Қазгермұнай» БК ЖШС)

Үстел теннисі, ерлер

1	Ескендіров Темірлан («ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС)
2	Әбелдинов Дамир («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ)
3	Жақсылықов Бақтыбек («Өзенмұнайгаз» АҚ)

Тоғызқұмалақ, әйелдер

1	Абдрахманова Бейбіткүл («Қазгермұнай» БК ЖШС)
2	Төлебекова Айткүл («Өзенмұнайгаз» АҚ)
3	Құмарова Анар («Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС)

Тоғызқұмалақ, ерлер


1	Дәрменов Бақытбек («ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС)
2	Тойболов Қайрат («Қазгермұнай» БК ЖШС)
3	Рублев Азат («Өзенмұнайгаз» АҚ)



Орындары **Жеңімпаздар**

Шахмат, әйелдер

1	Алпысбаева Әйгерім («ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС)
2	Мұналбаева Гүлмира («Қаражанбасмұнай» АҚ)
3	Қалдыбаева Әйгерім («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ)



Шахмат, ерлер

1	Манасов Мұрат («ҚазТрансГаз» АҚ)
2	Бердалиев Ислам («Өзенмұнайгаз» АҚ)
3	Қасымов Жорабай («ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС)

Армрестлинг, әйелдер 65 кг дейінгілер

1	Феллер Марина («ҚазТрансГаз» АҚ)
2	Базарбаева Марал («Урихтау Оперейтинг» ЖШС)
3	Ақжігітова Құралай («Қаражанбасмұнай» АҚ)

Армрестлинг, әйелдер 65 кг жоғарылар

1	Шурипова Айгүл («Қазақойл Ақтөбе» ЖШС)
2	Даутова Жанна («Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС)
3	Барлыбаева Лаура («ҚазМұнайГаз» өндіру мен бұрғылау технологиясы ФЗИ» ЖШС)

Армрестлинг, ерлер 80 кг дейінгілер

1	Келдібайұлы Ерхан («Қазгермұнай» БК ЖШС)
2	Сәбит Айбат («ҚТГ Аймақ» АҚ)
3	Есбосынов Жасұлан («CASPI BITUM» БК» ЖШС)

Армрестлинг, ерлер 80 кг жоғарылар

1	Төлебаев Бахтияр («Қаражанбасмұнай» АҚ)
2	Акунишников Дмитрий («Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС)
3	Байболат Бекболат («ҚазТрансГаз» АҚ)

Жүзу, әйелдер

1	Хабибуллина Анна («Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС)
2	Тубакина Елена («Қазгермұнай» БК ЖШС)
3	Мусағалиева Әлия («Өзенмұнайгаз» АҚ)



Жүзу, ерлер

1	Жолымбетов Азамат («Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС)
2	Юртанов Вадим («Қазгермұнай» БК ЖШС)
3	Өсеров Қуандық («Өзенмұнайгаз» АҚ)

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

- Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz
- Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz
- Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgerp.kz
- Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz
- Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgerp.kz
- Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
- Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС
Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30